

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

31 қазан 2023 жыл

№: AIFC-C/CFI/2023/0002 ic

MICHAEL WILSON & PARTNERS, LIMITED

Талап қоюшы

қарсы

1) CJSC KAZSUBTON және (2) KAZPHOSPHATE LLP,
(3) KAZPHOSPHATE LIMITED компанияларына

Жауапкерлер

ШЫҒЫСТАР ТУРАЛЫ АРЫЗ БОЙЫНША ШЕШІМ

Сот Төрағасы:

Аса мәртебелі Лорд Манс

ШЕШІМ

1. Соттың қарауында Екінші және Үшінші жауапкер олардың осы сот талқылауы бойынша бүгінгі күнді қоса алғандағы шығындарын Талап қоюшы - "Michael Wilson & Partners LLP" компаниясының төлеуі туралы бұйрық шығару жөнінде берген арыздар бар. Соттың 2023 жылғы 26 қыркүйектегі шешімін ескере отырып, Екінші және Үшінші жауапкерлер осы сот процесінде жеңіске жеткен Тараптар болғанына күмән жоқ. Талап қоюшының Бірінші жауапкерге қатысты талабы да қабылданбай тасталды, бірақ Ол іске белсенді қатысқан жоқ және шығындарға байланысты ешқандай арыз берген жоқ.
2. Талап қоюшы Бірінші, Екінші және, белгілі болғандай, Үшінші жауапкерге қатысты Англия мен Нидерландыда шығарылған сот шешімдерін АХҚО соты арқылы тіркеуді немесе орындатуды талап етті. Бастапқыда бұл әрекет соттың юрисдикциясына тікелей жататын талап қою ретінде сипатталды, бірақ кейінірек мұндай юрисдикциялық негіздемені қажет етпейтін қарапайым арыз ретінде түсіндірілді. Ол егжей-тегжейлі құжаттаманы берумен қатар жүрді, оның бір бөлігінің іске ешқандай айқын қатысы жоқ. Жағдай Үшінші жауапкерге қатысты әсіресе перспективасыз болды, өйткені Англияның немесе Нидерландының сот шешімдерінің ешқайсысы Үшінші жауапкерге қарсы шығарылмаған. Талап қоюда бірқатар дәрменсіз мәлімдемелер жасалды, мысалы, юрисдикцияға немесе болжалды жалпы заң практикасына (немесе Дубай халықаралық қаржы орталығының Соттарына) қатысты болжалды ұсынымдарға қатысты шетелдік сот шешімдерін қандай да бір халықаралық шарттарсыз немесе бұл үшін басқа юрисдикциялық негіздерсіз тану.
3. Бастапқы нүкте – іс бойынша жеңіске жеткен, енді өз шығындарын өтетуге қол жеткізгісі келіп отырған Екінші және Үшінші жауапкерлердің бұған құқығы бар екендігі болып табылады: АХҚО сотының 26.5(1) ережесін қараңыз. Мен бұл жағдайда қандай да бір басқа бұйрыққа негіз көріп отырғаным жоқ. Екінші жауапкердің Англиядағы және/немесе Нидерландыдағы сот шешімі бойынша борышкер болып табылатыны фактісі, менің ойымша, ештеңені өзгертпейді. Бұл іс тиісті сот шешімдерін орындауға талпыныс ретінде қозғалғанымен, 2023 жылдың 26 қыркүйегінде қабылданған шешімнен көріп отырғанымыздай, ол барлық басқа жақтарына қатысты мүлдем бөлек мәселелерді қозғайтын жеке сот талқылауы болған және болып қала береді де. Бұл сот шешімі сонымен қатар талап қоюдың ауқымды және қымбат түрде, табысқа жетудің қандай да бір нақты перспективалары іс жүзінде әуелден-ақ жоқ болғанын дәлелдейтін бірқатар аргументтер ескеріле отырып берілгенін көрсетті.
4. Соттың бұл іс туралы білетіндерін және Сотқа ұсынылған материалдарды, сондай-ақ Тараптар мен Сот арасында 2023 жылғы 26 қыркүйектегі шешімнен кейін орын алған ұсынымдар мен пікір алмасуларды ескере отырып, Сот бұл жағдай Соттың 26-қағидасына сәйкес Сот шығындарды дереу бағалауды, оны егжей-тегжейлі бағалау үшін, оны кім жүргізсе де, кейінге қалдырмай, жүргізе алатын және жүргізуі тиіс жайт деп санайды. Төменде келтірілген тармақтар осы сот талқылауын жүргізу кезінде Екінші және Үшінші жауапкерлердің ақылға қонымды, міндетті және пропорционалды түрде шеккен шығыстарын Соттың тікелей бағалауы болып табылады.
5. Шығыс сомасына келетін болсақ, Екінші және Үшінші жауапкерлер, менің ойымша, Талап қоюшы қарсылық білдіруге тырысқанына қарамастан (көбі тағы да көрінетін негізсіз), шығыстары туралы мәлімдемелерін түсіндіру үшін жеткілікті құжаттама ұсынды.
6. Істе туындап отырған мәселелердің көлемін, сипатын және маңыздылығын назарға ала отырып, Сотқа 6 960,00 АҚШ доллары немесе 3 361 249 теңге сот шығыны және 7 278,45 АҚШ доллары немесе 3 514 987 теңге мөлшерінде белгіленген Екінші жауапкердің шығыстары оларды толық көлемінде беру үшін толық негізделген болып көрінеді және Сот Талап қоюшыға оларды төлеуге тиісті түрде бұйырады.
7. Үшінші жауапкердің шығыстары бірсыпыра көбірек, ол 2023 жылдың 19 сәуірі бойынша жалпы

алғанда 16 116,80 АҚШ доллары және бұл күннен кейін 18 011,90 АҚШ долларын құрады, бірақ олардың құрамдастары егжей-тегжейлі сипатталып расталды. Тағы да, істе туындап отырған мәселелердің көлемін, сипатын және маңыздылығын назарға ала отырып, Сотқа олар толық көлемінде беру үшін жете негізделген болып көрінеді. екі әртүрлі компания шығарған сот шешімдерін оған қарсы негізсіз тіркеуден қорғау үшін Қазақстанға тартылған ағылшын компаниясы бірсыпыра көп сот шығыстарына ұшырайтыны әбден түсінікті. Демек, мен Талап беруші сонымен қатар Үшінші жауапкерге де оның шығыстарын өтеуі туралы тиісті Бұйрық шығарамын.

Сот қабылдады,

Аса мәртебелі Лорд Манс,

Сот Төрағасы, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан Майклом Уилсон мырза өкілдік етті, Серіктес, «Michael Wilson & Partners, Ltd», Алматы, Қазақстан.

1-жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.

2-жауапкердің атынан Бақыт Түкүлов мырза өкілдік етті, Серіктес, «Tukulov & Kassilgov Litigation» ЖШС, Алматы, Қазақстан.

3-жауапкердің атынан Динара Нұрғазы ханым өкілдік етті, Серіктес, «Kinstellar» ЖШС, Алматы, Қазақстан.